

ӘОЖ 81.33

ҒТАХР 17.71.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.004>

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ АНТИТЕЗАНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

\*Ахаева М.С. <sup>1</sup>, Кулжанова Б.Р. <sup>2</sup>, Макулова Л.Т. <sup>3</sup>

<sup>\*1,2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

**Аңдатпа.** Түркі халықтарының мақал-мәтелдері көне дәуірден бүгінге дейін ұлт болмысының, дүниетанымының ықшам әрі көркем көрінісін сақтап келеді. Ондағы антитеза тәсілі қарама-қарсы ұғымдарды үйлестіріп, терең философиялық идея мен моральдық ұстанымды ықшам әрі әсерлі түрде жеткізеді. Мақал-мәтелдер антитезаға құрылған. Зерттеудің мақсаты – түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі антитезаның когнитивтік және прагматикалық негіздерін кешенді түрде ашу.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрік және әзербайжан тілдеріндегі 200-ден астам мақал-мәтелдер алынған. Әдебиетке талдау жүргізу барысында когнитивтік фреймдер теориясы (Лакофф) пен мәдени сценарий тұжырымдамасы, сондай-ақ сөйлеу актілері теориясы (Грайс) қолданылды. Мақал-мәтелдерді салыстырмалы-типологиялық, семантикалық, синтаксистік және прагматикалық талдау әдістері арқылы қарастыру негізінде антитезаның лексикалық, синтаксистік, семантикалық және прагматикалық сияқты құрылымдық түрлері жүйеленді.

Зерттеу нәтижелері мәтелдердің 60%-нан астамында антитеза құрылымының бар екенін, оның дәстүрлі жұптағы қарама-қарсы ұғымдарды ғана емес, эмоциялық әсерді күшейтетін, этикалық нормаларды нығайтатын коммуникативтік функциясын көрсетеді. Антитезалық өрнектер тыңдаушының ойлау үрдісін бинарлы модальді күйге бағыттай отырып, тәрбиелік және реттеуші құрал ретінде әрекет етеді.

Ғылыми жаңалығы – антитезаның тілдік-танымдық және прагматикалық механизмдерін алғаш рет кешенді түрде талдау арқылы түркі паремиологиясына жаңа бағыт ашу. Практикалық маңызы – алынған мәліметтерді тіл оқыту бағдарламаларына, фольклорлық зерттеулерге, мәдениетаралық коммуникация курстарына және цифрлық паремиологиялық деректер қорын құруға пайдалануға мүмкіндік береді. Мақалада болашақта антитезаның диахроникалық өзгерісі мен әлеуметтанулық контекстегі рөлін зерттеу үшін әрі қарайғы деректер базасын кеңейту ұсынылады.

**Тірек сөздер:** антитеза, мақал-мәтел, когнитивтік лингвистика, прагматикалық қызмет, мәдени сценарий, шендестіру, түркі тілдері, ұлттық дүниетаным

### **Кіріспе**

Түркі халықтарының бай тілдік мұрасы – олардың дүниетанымы мен өмір сүру философиясының көрінісі. Сол бай қазынаның бір тармағы – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының үлгісі ғана емес, ұлттық болмыс пен ойлау жүйесінің, танымдық және прагматикалық кодтардың айнасы. Түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер көп жағдайда қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру, шендестіру арқылы өмірлік шындықты бейнелейді. Мұндай құрылымдар ең алдымен, антитезалық қатынастар арқылы жүзеге асады. Антитеза – тілдегі стилистикалық тәсіл ғана емес, сонымен қатар адамның когнитивтік дүниетанымындағы қарама-қарсылық ұстанымының көрінісі. Түркі мақал-мәтелдеріндегі «еңбек-жалқаулық», «ақыл-надандық», «дос-дұшпан» сияқты қарама-қарсы ұғымдар когнитивтік құрылымдар мен концепт өрістерінің мазмұнын ашады. Бұл қарама-қайшылықтар ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасып, халықтың құндылықтар жүйесін паш етеді. Зерттеудің өзектілігі мақал-мәтелдерде көрініс тапқан антитезалық құрылымдарды тек тілдік деңгейде ғана емес, лингвокогнитивтік және лингвопрагматикалық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігінде жатыр. Қазіргі лингвистикада фразеологиялық бірліктер мен паремиологиялық қорды когнитивтік және прагматикалық аспектіде зерделеу маңызды бағыттардың біріне айналды. Алайда түркі тілдерінде әсіресе мақал-мәтелдер шеңберінде антитезаны кешенді түрде қарастыру әлі де терең зерттелмеген сала болып отыр.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Бұл зерттеу жұмысының эмпирикалық негізі ретінде түркі халықтарының мақал-мәтелдер жинақтары пайдаланылды. Аталған мақал-мәтелдер ұлттық фразеологиялық сөздіктерден, паремиологиялық жинақтардан, ғылыми еңбектер мен этнолингвистикалық дереккөздерден алынды. Зерттеу материалдары ретінде жалпы саны 200-ден астам мақал-мәтел іріктеліп, талдауға алынды. Негізгі тілдер ретінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрік және әзірбайжан тілдері қамтылды. Мақал-мәтелдер мазмұнына қарай тақырыптық топтарға бөлінді. Солардың қатарында еңбек пен жалқаулық, достық пен қастық, ақыл мен надандық, әділет пен қиянат сияқты қарама-қарсы концептілер ерекшеленді. Бұл қарама-қарсы ұғымдар когнитивтік модельдер мен антитезалық құрылымдар тұрғысынан жүйелі түрде қарастырылды. Зерттеуде қолданылған әдістердің бірі – когнитивтік лингвистика әдістері. Бұл бағытта мақал-мәтелдердегі концептілерді талдау жүргізілді. Атап айтқанда, мақалдарда жиі қайталанатын, танымдық тұрғыдан өзекті ұғымдар анықталып, олардың мағыналық өрістері сарапталды. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерде жиі кездесетін бинарлық оппозициялар мен схемалық құрылымдар талданды.

Зерттеудің теориялық негізінде когнитивтік лингвистика мен мәдени

семантикаға қатысты жетекші тұжырымдамалар басшылыққа алынды. Дж.Лакофтың «фрейм» теориясы мен концептуализация тұжырымдары, А.Вежбицкаяның мәдени сценарий қағидаттары мақал-мәтелдерді талдау әдістемесінде қолданылды. Адам ойында дүниені құрылымдаушы фрейм – өзара байланысты ұғымдар кешені – қарама-қарсы ұғымдарды да қамтитыны белгілі. Мысалы, кез келген жақсылық концептісі өз жамандығымен, адалдық – арамдықпен, еңбек – жалқаулықпен бір фреймдік өрісте қабылданады. Осындай бинарлық оппозициялар адамның когнитивтік моделінде тұрақты орын алғанын Дж. Лакофф еңбектері атап көрсетеді. Ал А. Вежбицкая енгізген «мәдени сценарий» ұғымы белгілі бір қоғамда қалыптасқан оқиғалар желісі, мінез-құлық үлгісі ретінде мақал-мәтел мазмұнында көрінеді. Мақал-мәтелдердің астарында жасырын тұрған бұл сценарийлер әр халықтың әлеуметтік нормалары мен құндылықтарын көрсетеді. Зерттеу әдістемесінде осы теориялық тұжырымдар негізге алынып, мақал-мәтел мазмұнындағы қарама-қарсылықтарды талдау кезінде концептілік құрылымдар, фреймдік қатынастар және мәдени сценарийлер арасындағы байланыс ескерілді. Лингвокогнитивтік талдау барысында мақал-мәтелдердегі негізгі ұғымдар мен метафоралық бейнелер анықталып, олардың адам тәжірибесі мен дүниетанымындағы орны талданды. Лингвопрагматикалық талдау аясында сөйлеу актілері теориясына сүйеніп, мақал-мәтелдердің тілдік қолданыстағы мақсаты мен әсері зерделенді: кеңес беру, ескерту, сынау, бағалау сияқты прагматикалық қызметтері айқындалды. Мәселен, мақал-мәтел айтылған қарым-қатынас жағдаятында тыңдаушыға қандай имплицитті ой жеткізілетіні Г. Грайстың кооперация принциптері негізінде қарастырылды. Осылайша когнитивтік және прагматикалық әдістер кешені мақал-мәтелдердегі антитезаның тілдік табиғатын және танымдық мәнін ашуға мүмкіндік берді.

### **Нәтижелер**

Зерттеу барысында түркі халықтарының мақал-мәтелдерінен антитезалық құрылымдардың кең таралғаны анықталды. Талдауға алынған мақалдардың 60 пайыздан астамы қарама-қарсылыққа негізделген. Бұл нәтиже түркі дүниетанымының бинарлық, яғни қарама-қарсылық ұстанымына негізделетінін көрсетеді. Дж. Лакофф адам жанында бинарлық ұғымдар арнайы ұғымдық схемалар арқылы сақталады және тіл арқылы жиі іске қосылады дейді [1]. Антитеза осы ішкі қарама-қарсылықтарды тілге шығарады, ал мақал-мәтелдерде олар ғибраттық идеяны нақтылап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. И. Мирзалиевтың айтуынша, ежелгі түркі мақалдарында екі жәйтті бір-біріне шоғырластыру әдісі жиі кездеседі. Автор «Ескі түркі мақалдарының басым бөлігінде екі оқиғаны бір-біріне қосудың әдісі қолданылған» деп, осы тәсіл арқылы мақал-мәтелдердегі екі идея айқын көрінетінін алға тартады [2]. Ал семантикалық тұрғыдан алғанда антитеза мәдениетке тән «мысал сценарийлерді» көрсету құралы

деп санауға болады. Олар мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде, көнерген сөз тіркестерінде кодталып, ғасырлар бойы сақталады.

Б. Сарбасұлы мен Т. Дәуітұлы еңбегінде түркі халықтарының фольклоры зерттелген. Осы еңбекте зерттеушілер «Мақалда бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар мен нәрселер қатарластырыла салыстырылып, шендестіру арқылы ой-пікірді айқындау тәсілі басым болып келеді» деп мақалдағы антитезаның көрінісін көрсетеді. Мысалы, «Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді, Ырысы кеткеннің иті ұры кеткен соң үреді», «Ақымақ бастан ақыл шықпас, Ақыл шықса да мақұл шықпас» дегенде «ақымақ» пен «ақылды» – қарама-қайшы ұғымдар, осы екеуі салыстырыла келіп, ақымақтан шыққан ой-пікір де дұрыс болмас деген қорытынды шендестіру арқылы беріліп тұр. Осы келтірілген мақалдардан өмір құбылыстары типтендіріліп, дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отыратындығын байқаймыз» [3, 133 б.]. Біздің ойымызша, антитеза мақал-мәтелдердің композициялық құрылымының өзегіне айналған деуге болады.

Түркі халықтарының мақал-мәтелдерін қарастыра отырып, «еңбекқорлық-жалқаулық», «ақыл-надандық», «жақсылық-жамандық», «дос-дұшпан» тәрізді бинарлық концептілер тұрақты түрде кездесетіні байқалды. Бұл жұптар адамның мінезі мен моралдық бағдарларын сипаттаумен қатар, әлеуметтік қарым-қатынастардың да өлшемі ретінде қызмет етеді. Г. Айтқұлова және т.б. «еңбекқорлық – жалқаулық» концептісіне арналған мақаласында еңбек пен жалқаулықтың антитезасы түркі тілдеріндегі құндылық иерархиясын қалыптастыратынын атап өтеді [4]. Бұл концептіге қатысты қазақ, түрік, әзірбайжан халықтарының бір-біріне мағыналас мақалдары құрылым жағынан ұқсас, барлығы да еңбектің қадірін, жалқаулықтың зиянын көрсетеді. 1- кестеде негізгі қарама-қарсы ұғымдар бойынша бес түркі тіліндегі мақалдардың құрылымдық ұқсастығы мен ерекшеліктерін салыстырып көрсетілген.

Кесте 1. Қарама-қарсы ұғымдарға негізделген мақал-мәтелдердің үлгілері

Концептілік жұп	Қазақ мақалы	Қырғыз мақалы	Өзбек мақалы	Түрік мақалы	Әзербайжан мақалы
Еңбек – жалқаулық	Еңбек ер атандырады, жалқаулық жерге қараттырады.	Эмгекчил таң атаарын күтөт, жалқоо күн батаарын күтөт.	Ish ishtaha ochar, dangasa ishdan qochar .	İşleyen demir ıřıldar, yatan paslanır.	Əmək insana şərəf gətirər, tənbəllik biabır edər.
Дос – дұшпан	Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.	Дос көз жасыңа ортақтасар, душман күлкіңө күлөр.	Do‘st achitib gapirar, dushman kuldırib gapirar.	Dost acı söyler, düşman tatlı söyler.	Dost üzə gülər, düşmən arxadan vurar.
Ақыл – надандық	Ақыл – дария, надан – батпақ	Ақылдуу миң азаптан кутулат, ақылсыз бир азапка тутулат	Aql – daryo, johil – loy	Akıllı düşman, akılsız dosttan iyidir.	Ağıllı düşmən nadan dostdan yaxşıdır.

Мысалы, Еңбек ер атандырады, жалқаулық жерге қараттырады (қазақ), İşleyen demir işildar, yatan paslanır Жұмыс істеген темір жылтырайды, жатқанды тот басады (түрік), : Əmək insana ƣərəf gətirər, tənbellik biabır edər Еңбек адамға абырой әкеледі, жалқаулық масқара етеді. Бұл мақалдардың когнитивтік құрылымдарына қарап, негізгі концептілердің әр тілде сақталғаны анық көрінеді. Бұл пайым Ә. Қайдардың «Бүгінгі түркі тілдерінің сөздік қорындағы мақал-мәтелдерді салыстырып қарастырғанымызда «ұқсас» санатына жататын мақал-мәтелдердің ұқсастығы ең алдымен олардың мағыналарына байланысты» деген тұжырымына сай келіп тұр [5, 1266.]. Демек, танымдық тұрғыдан алғанда мақал-мәтелдердегі антитезалардың ұқсас болуы да заңды.

А.Т. Дунканаев өзінің «Қырғыз макалдарының тексттик-коммуникативтік өзгөчөлүктөрү» атты еңбегінде қырғыз мақалдарының 30 пайыздан астамы антитезалық параллель құрылымға негізделгенін айта отырып, қарама-қарсы мәнді компоненттердің тәрбиелік және прагматикалық қызметін ерекше көрсетеді. Мысалы, «Ырайы жоқтон – ырыс қачат, ыразыдан – ырыс бағат», «Жамандын сөзү- жаңғырбайт, жақшының сөзү – жаңылбайт». Бұл мысалдарда жағымды және жағымсыз қасиеттерді қарама-қарсы қою арқылы тындаушыға бағалауыштық бағдар беріледі. А.Т.Дунканаевтың пікірінше, мұндай антитеза «ұжымдық сананың моральдық иерархиясын тілдік деңгейде бекітеді» [6].

Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл мақал-мәтелдерде еңбек –ұтымды, ізгі, берекелі әрекет ретінде концептуаланады, ал жалқаулық – қоғамда жағымсыз бағаланатын ұғым. Бұл қарама-қарсы концептілер когнитивтік деңгейде аксиологиялық дихотомияны бейнелейді. Д. Қажымова және т.б. өз зерттеулерінде фразеологиялық бірліктерде концептілердің эмоционалдық бағалауы әр ұлтта болатынын, алайда көркемдік тәсіл мен бейнелеу формасының ұлттық ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болатынын көрсетеді [7]. Яғни негізгі концепт әртүрлі түркі тілдерінде ортақ танымдық іргетасқа сүйенгенімен, оның бейнелеу формасы мен прагматикалық реңкі ұлттық мәдениеттің көркемдік моделіне сай өзгереді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Ақыл – дария, надан – батпақ» мақалында «ақыл» кеңдік, тереңдік, өмірлік тәжірибе мен сабырлықты бейнелейтін «дария» (өзен) образы арқылы суреттелсе, «надан» керісінше, «батпақ» – тұйық, қозғалыссыз, жұтатын, қауіпті кеңістікпен теңестіріледі. Бұл мақалдың когнитивтік құрылымында кеңістік метафорасы негізге алынған: «ақыл» – қозғалысқа, өмірге, тереңдікке жетелейтін ашық кеңістік, ал «надандық» – тығырыққа тірейтін, ілгері жылжуға кедергі жасайтын жабық кеңістік. Мұнда антитезалық құрылым семантикалық ғана емес, кеңістіктік-символикалық оппозицияға негізделіп тұр.

Өзбек тіліндегі ұқсас мақал – «Aql – daryo, johil – loy» – құрылымы жағынан қазақша нұсқамен параллель. Мұнда да «ақыл» кең әрі мәнді дүние ретінде өзенмен салыстырылады, ал «надандық» балшық – «лой»

арқылы беріледі. Дегенмен, «батпақ» пен «лой» сөздерінің семантикалық және прагматикалық реңктерінде айтарлықтай айырмашылық бар. «Батпақ» – жұтып жіберетін, қауіпті, қозғалысты тоқтататын символ болса, «лой» – бейтараптау, жұмсақ құрылымды, балалық немесе аңқаулықпен де байланысты мәнге ие болуы мүмкін. Сондықтан өзбек нұсқасындағы антитеза прагматикалық тұрғыдан айшықсыздау, сын айту реңкі жұмсарған, тұспал арқылы жеткізіледі.

Когнитивтік тұрғыдан қарағанда, бұл мақалдарда ұғымдар оппозициялық бинарлық модельде ұйымдастырылған. «Ақыл» – позитивті, өмірлік тәжірибе мен сананың символы болса, «надандық» – негативті, танымдық шектеуліктің, әлеуметтік жауапсыздықтың бейнесі ретінде концептуалданған. Бұл қарама-қарсылық – адам мінезін, оның әлемді қабылдау деңгейін сипаттайтын лингвоменталды модельдердің бірі.

Г. Айтқұлова, С. Исақова еңбектерінде мұндай антитезалық құрылымдар ұлттық дүниетанымның когнитивтік негізін бейнелейтінін атап өтеді: кеңістікке, табиғатқа, су мен жерге қатысты метафоралар арқылы моральдық бағдарлар, мінез-құлықтың үлгілері беріледі [4]. Сонымен қатар, бұл мақалдар прагматикалық жағынан да маңызды қызмет атқарады: олар тыңдаушыны не мақтап, не ескертіп, не кемсітпей, астарлы түрде бағыттайды. Грайс кооперация принципіне сай, мұндай мақалдар импликатура арқылы терең мән береді – сөйлеуші тыңдаушыға тікелей баға бермей, бейнелі құрылым арқылы моральдық бағдар көрсетеді [8, 156.]. Осылайша, «Ақыл – дария, надан – батпақ» және оның өзбек тіліндегі нұсқасы «Aql – daruo, johil – loy» мақалдары – когнитивтік құрылымы жағынан ортақ, бірақ прагматикалық реңкі жағынан әртүрлі ұлттық үлгілердің көрінісі. Мұндағы антитезалар кеңістік пен құндылық метафораларына негізделіп, түркі халықтарының дүниетанымындағы бинарлық оппозицияны көрсетеді. М. Назарова өзбек мақал-мәтелдеріндегі антитезаның мәдени прагматикасын зерттей отырып, қарама-қарсы соматикалық және этикалық ұғымдардың жиі қолданылатынын көрсетеді. Мысалы, «Яхши юртни – эл мақлар, емон юртни – ел каклар», «Емон йул – уткир, яхши йул – баракали». Автордың тұжырымы бойынша, өзбек паремияларындағы антитезалық құрылымдардың негізгі қызметі – «әлеуметтік нормаларды сақтау механизмі ретінде бағалау арқылы реттеу» [9].

Мақал-мәтелдер – халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесінің көрінісі. Түркі халықтарының мақалдарында жиі кездесетін «дос – дұшпан» концептілері негізінде қалыптасқан антитезалық құрылымдар адамның моральдық бағдары мен әлеуметтік қатынастарын бейнелейді. Бұл қарама-қарсы ұғымдар лингвокогнитивтік деңгейде дүниені екіұдай бағалау жүйесіне негізделсе, лингвопрагматикалық тұрғыда тыңдаушыға бағытталған әлеуметтік-этикалық бағдардың құралы ретінде қызмет етеді. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген қазақ мақалында когнитивтік тұрғыдан шынайылық пен жалғандық, ізгі ниет

пен жасырын арам пиғыл оппозициясы берілген. Мұндағы «жылату» мен «күлдіру» – эмоциялық реакциялар арқылы дос пен дұшпанның табиғатын ашатын метафоралық көрсеткіштер. Шынайы дос сын айтып, адамды түзетуге ұмтылады, ал дұшпан мақтау арқылы адастыруы мүмкін. Лингвопрагматикалық жағынан бұл мақалда сөйлеуші тыңдаушыны сақ болуға, тереңірек ойлауға итермелейді. Грайстың кооперация принципі негізінде, бұл мақалада айтылмаған мағына – достықтың мәні мен дұшпандықтың сипаты – астарлы түрде беріледі [8, 25б.]. «Дос басқа қарар, дұшпан аяққа» деген мақалда да когнитивтік құрылым кеңістіктік оппозицияға негізделген. «Бас» – құрметтің, қадірлеудің символы, ал «аяқ» – елемеу, менсінбеудің бейнесі. Бұл құрылым тыңдаушыға адамның қарым-қатынасын бағалаудағы бағдарды береді: дос қадірінді, дұшпан әлсіз тұсыңды іздейді. Мақал прагматикалық тұрғыда тыңдаушыға бағалау мен таңдау жасау қажеттігін меңзейді. Қырғыз мақалындағы «Дос — көз жасыңа ортақтасар, душман — күлкіңе күлер» құрылымында да эмоциялық-когнитивтік контраст анық. «Көз жасы» – қайғы, мұң символы болса, «күлкі» – сыртқы, алдамшы реңкке ие. Дос – қайғында жанашыр, дұшпан – тек сыртқы көңілді сәтті бақылайды. Бұл мақал прагматикалық тұрғыда элеуметтік статус пен шынайы қарым-қатынасты ажырату қажеттігін жеткізеді.

«Жүз берген душманнан, бір айтқан дос артық» – сыртқы мейірімділік пен ішкі шын пейілдің контрастын береді. Когнитивтік жағынан бұл – мән мен форма, мазмұн мен сыртқы көрініс арасындағы оппозиция. Прагматикалық деңгейде мақал тыңдаушыға «сезімге емес, шындыққа сен» деген идеяны жеткізеді. Түрік мақалында «Dost acı söyler, düşman tatlı» құрылымында дәмге байланысты метафоралар қолданылады. «Ащы» – шындық, ал «тәтті» – жалған сөздің символы. Бұл когнитивтік модельде тілдің дәммен байланысы арқылы этикалық бағдар беріледі. Прагматикалық тұрғыда тыңдаушыны алдамшы сөзден сақтануға шақырады. «Dost kara günde belli olur» мен «Dost dar gündə tanınar» мақалдарында уақыттық контраст байқалады: қиындық пен жеңіл кезеңнің оппозициясы. Бұл мақалдар когнитивтік деңгейде достық ұғымын тек қиын сәттер арқылы анықтауға болатынын білдіреді. Прагматикалық тұрғыда – элеуметтік тәжірибеге негізделген кеңес беру формасы. Түрік тіліндегі паремияларды зерттеуші С. Акын түрік мақалдарында оппозициялық құрылымның моралдық прагматикаға қызмет ететінін айтады. Антитеза көбінесе сөз мәдениеті – мінез мәдениеті, адалдық – опасыздық секілді этикалық бейнелерді салыстыра отырып, адамдық қасиетті дәріптеу функциясын атқарады. С. Акын антитезаның «түрік қоғамындағы бағалауыштық поэтиканың тірек механизмі» екенін атап өтеді [10].

Әзірбайжан мақалындағы «Dost üzə gülər, düşmən arxadan vurar» құрылымында кеңістіктік-элеуметтік оппозиция берілген: бетпе-бет ↔ жасырын, ашық ↔ опасыз. Бұл антитеза тыңдаушыға қарым-қатынас

формасы мен мазмұнын талдауға түрткі болады, яғни прагматикалық тұрғыда сақтыққа, байқағыштыққа үндейді. С. Халилова әзірбайжан мақал-мәтелдеріндегі антонимдік қатарлардың құрылымдық жүйесін зерттей келе, оларда көбінесе еңбек-жалқаулық, ақыл-надандық, достық-дұшпандық бинарлық қарама-қарсылығы көрінетінін анықтайды. Автордың пайымдауынша, антитезалық параллелизм әзірбайжан мақалдарының «дидактикалық функциясын күшейтетін негізгі тілдік механизм» [11]. Қорыта айтқанда, «дос – дұшпан» концептілері негізіндегі мақалдар лингвокогнитивтік жағынан моральдық категорияларды, сенім мен сатқындықты қарама-қарсы қою арқылы бейнелейді. Ал лингвопрагматикалық тұрғыда тыңдаушының моральдық, әлеуметтік бағдарын реттеп, өмірлік таңдау жасауына ықпал етеді. Бұл мақалдарда ұлттық тілдік ерекшеліктер сақталғанымен, олардың концептуалдық негізі ортақ – шынайы достықты тану, жалған пиғылды ажырата білу.

Түркі мақал-мәтелдеріндегі антитезалардың прагматикалық қырына келер болсақ, тәлім беру, жігерлендіру, сыни пікір, этикалық бағалау сияқты қызметтерді атқарады. Сөйлеу жағдаятында олар астарлы түрде имплициттік мағынада тыңдаушыға бағытталған ойды жеткізеді. Шынында да, қарама-қарсы ұғымдарды салыстыра беру – ойды астарлап жеткізудің, тыңдаушы эмоциясы мен санасына әсер етудің тиімді әдісі. Мысалы, жоғарыда талданған «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» тәрізді мақал тікелей насихат немесе ескерту сөздер айтпаса да, тыңдаушыны нағыз достық пен жалған достықты ажырата білуге үндейді. Сол сияқты «Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым» деген қазақ мәтелі астыртын еңбексүйгіштікке шақырады. Адресант пен адресаттың арасындағы осындай жанама ықпалдастық мақал-мәтелдердің прагматикалық жанр ретіндегі ерекшелігін көрсетеді.

Мамандардың айтуынша, мақал-мәтелдердің 16,2 пайызы антитезаға құрылған. Оның себебін Г.Қ. Рысбаеваның мақаласынан таптық: «Антитезаның сөз өнеріндегі алатын орны бөлек және оның ежелгі бастауы аңыздарда жатқанын естен шығармауымыз керек. Адамзат ежелгі дәуірдегі дүниені: аспан – жер, жарық – қараңғы, жылы – суық, су – от, т.б. деп қарама-қарсы ұғыммен салыстыра тануын шендестірудің алғашқы белгілері деп қабылдауымыз керек» [12, 87б.]. Біздің ойымызша, мақал-мәтелдер тек ауыз әдебиетінің үлгісі ғана емес, коммуникацияда ойды дұрыс жеткізу үшін қолданыста болған. Олай болған жағдайда біз түркі мақал-мәтелдерінен антитезаның түрлі формасын кездестіре аламыз.

### **Талқылау**

Антитеза ұғымының терминологиялық нақтылығын қамтамасыз ету мәселесі Е.С. Корюкина зерттеуінде жан-жақты қарастырылған. Автор антитезаны «антонимдік жұптармен ғана шектелмейтін, терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтарда әртүрлі түсіндірілуі мүмкін семантикалық-

функционалдық бірлік» ретінде сипаттайды. Автордың ойынша, көптеген лексикографиялық еңбектерде антитеза анықтамалары бір-бірінен өзгеше келтіріледі: кейде ол тек «контраст» ұғымы ретінде, кейде «семантикалық оппозиция» ретінде беріледі, ал кейбір анықтамаларда «прагматикалық қарсы қою» элементі де қарастырылады [13]. Осы терминологиялық әртүрлілік біздің мақаламызда антитезаны лексикалық және синтаксистік деңгейде жіктеу қажеттігін дәлелдейді, себебі нақты тілдік құбылыстарды талдауда анықталған оппозициялық белгілер бұл екі негізгі түрге толық сай келеді. Сонымен қатар, Е.С. Корюкина ұсынған «құрылымдық-семантикалық» және «прагматикалық» классификацияларымызды толықтыра түсіп, терминологиядағы ауытқушылықтарды азайту мақсатында біз антитезаны лексикалық, синтаксистік, мазмұндық және прагматикалық деп төрт түрге жіктедік.

Лексикалық антитеза – қарама-қарсы мәндегі сөздер мен сөз тіркестері арқылы жасалған антитеза. Мақал-мәтелдің құрамында мағыналары қарама-қарсы лексемалар (антонимдер) тікелей қолданылып, ой екпіні солардың қарама-қарсылығына түседі. Мұндай антитезалық құрылымдарда қарама-қарсы ұғымдар көбінесе симметриялы синтаксистік позицияда келіп, бүтін бір пікірді шендестіре өрнектейді. Г.Р. Мугтасимова антонимдерді антитезаның негізгі лексикалық маркері ретінде қарастырып, татар мақалдары материалында оны жан-жақты дәлелдегенін атап өткен жөн [14]. Түркі халықтары мақалдарының басым бөлігінде де дәл осындай лексикалық антитеза кең таралған. Мысалы, қазақ тіліндегі: *«Жақсы сөз – жанға қуат, жаман сөз – жанға зұлмат»*, *«Ақымаққа сөз айтсаң – арам кетер, ақылдыға айтсаң – шарапат жетер»*, *«Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым»*, *«Қорқақ көлеңкесінен үркеді, ер (батыр) дұшпанынан қайтпайды»* деген мақалдарда жақсы – жаман, ақымақ – ақылды, түн – күндіз, қорқақ – ер тәрізді анық антонимдер арқылы қарама-қарсы сипаттамалар берілген. Бұл үлгілерде лексикалық қарама-қарсылық анық көрініп тұр: алғашқы мысалда жақсы сөз бен жаман сөздің жанға әсері шендестірілсе, соңғысында қорқақ пен ер жігіттің әрекеті салыстырмалы қарсылықта алынған. Лексикалық антитезаның әсері тыңдаушыға түсінікті болу үшін көбіне қарапайым, күнделікті өмірден алынған қарама-қарсы ұғымдар пайдаланылады. Бұл оны халық даналығын жеткізудің ең қолайлы тәсілдерінің біріне айналдырады.

Синтаксистік антитеза – сөйлемнің синтаксистік құрылымы деңгейінде құрылған қарама-қарсылық. Мұнда бір немесе бірнеше сөйлем бөліктері, не бүтін бір сабақтас құрмалас сөйлем бөліктері өзара антонимдік мағынада емес, құрылысы жағынан кезектесіп келіп, ойды шендестіре береді. Синтаксистік антитеза көбіне параллель құрылымдар арқылы көрінеді: мақал-мәтелде екі не одан көп құрамдас бөлік грамматикалық тұрқы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы қарама-қарсы ситуацияны баяндайды. Мысалы, *«Ел барда ер қадірлі, ер барда ел қадірлі»* деген қазақ мақалында

екі жай сөйлемнің субъектісі мен объектісін орын алмастыра қайталау арқылы ой өткіріленген. Ал «*Жүз берген дұшпаннан, бір айтқан дос артық*» дегенде сан есімдер (жүз – бір) мен зат есімдер (дос – дұшпан) қарама-қарсы мағынада қолданылып, синтаксистік салыстыру жасалған: көп жалған достан гөрі бір шынайы дос артық. Бұл жерде антитеза бүтін бір сөйлемдер деңгейінде жүзеге асып тұр, яғни синтаксистік құрылымның өзі қарсылықты мазмұн береді. Синтаксистік антитезаға кейде авторитарлы инверсия, сөз тәртібін өзгеше құру арқылы да қол жеткізіледі. Мысалы, классикалық поэзия үлгілерінде «...келісуге келмейді, келіспеуге келеді» сияқты сөз ойнатулар кездеседі – бұлар да синтаксистік антитезаға жақын тәсіл. Түркі мақал-мәтелдеріндегі синтаксистік антитезаның қызметі – тыңдаушының назарын қарама-қарсы жағдайға аударту, екі түрлі жайтты құрылымдық параллелизм арқылы салыстыру. Бұл тәсіл әсіресе тәрбиелік мәні бар мақалдарда жиі қолданылады.

Мазмұндық (семантикалық) антитеза – мағыналық тұрғыда қарама-қарсы құбылыстар мен түсініктерді астарлы, бейнелі жолмен шендестіру. Мұндай антитезада жоғарыда айтылғандай тікелей антоним сөздер кейде болмауы мүмкін, бірақ бүкіл мәтіннің астарынан бір-біріне қарсы қойылған ұғымдар аңғарылады. Мазмұндық антитеза көбіне метафоралық образ, символдық кеңістік немесе ситуация арқылы жүзеге асады. Мысалы, қазақтың «*Ақыл – дария, надан – батпақ*» мақалында су кеңістігі метафорасы негізге алынған: дария (өзен) – ашық, терең, ағымдағы кеңістік, ал батпақ – тұйық, тоқыраған, қауіпті кеңістік. Мұнда тікелей «ақыл жақсы, надандық жаман» деп айтылмаса да, астарлы метафоралық салыстыру арқылы даналық пен надандықты шендестіреді. Сол сияқты, жоғарыда аталған «*Дос басқа қарар, дұшпан аяққа*» деген мақалда да кеңістіктік образдар арқылы антитеза жасалған: «бас» – жоғары, қадірлі орынның нышаны, «аяқ» – төмен, елеусіз орынның нышаны. Бұл жұпта дос сенің абыройыңа, жоғары қасиеттеріңе көз салады, ал дұшпан сенің осал тұсыңды, аяқ астыңдағы кемістігіңді ғана аңдиды деген мағына берілген. Яғни, сөзбе-сөз қарсы мәндегі лексемалар аз қолданылса да, бүкіл сөйлемнің мазмұны екі түрлі бағалау мен көзқарасты салыстыра жеткізеді. Осындай семантикалық антитеза түркі мақал-мәтелдерінде өте көркем тәсіл ретінде танылған. Ол тыңдаушының немесе оқырманның қиялына әсер етіп, екі ұғымның айырмашылығын жанама, бірақ ұтымды тәсілмен түсіндіреді.

Прагматикалық антитеза – мақал-мәтелдің прагматикалық мақсатына қатысты қарама-қарсылық. Бұл түрінде антитезалық құрылым сөйлеушінің белгілі бір жанама прагматикалық мақсатты көздеуіне қызмет етеді. Яғни айтушы мақалдағы қарама-қарсы мысалдарды келтіре отырып, тыңдаушыға тікелей емес, жанама жолмен ақыл-кеңес береді немесе ескерту жасайды. Мұндай антитезаның ерекшелігі – сөйлемде анық қарсы мағыналы лексемалар болғанымен, негізгі екпін сол қарама-қарсылықтың астарында

жатқан ғибратты ойға түседі. Мәселен, тағы да *«Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады»* мақалына оралсақ, мұнда лексикалық жағынан дос пен дұшпан, жылату мен күлдіру қарсы қойылғанымен, прагматикалық деңгейде бұл салыстыру тыңдаушыны сақтандыру, дұрыс таңдау жасауға үндеу қызметін атқарып тұр. Тыңдаушы мұндай шендестіруден «ашы да болса шындықты айтатын адал досқа құлақ ас, жалған мақтап күлдірген адамнан сақ бол» деген тұспалды түсінеді. Сол сияқты, *«Ас тәттісін жейді, еңбек тәттісін көреді»* деген қазақ мақалы бір жағынан лексикалық антитеза болса, екінші жағынан прагматикалық астары айқын насихат: еңбек етсең – тоқ боласың, жалқау болсаң – жоқ боласың. Прагматикалық антитеза көп жағдайда дидактикалық және этикалық мазмұнды мақал-мәтелдерде кездеседі. Мұнда қарама-қарсы қойылған мысалдар өмірлік екі таңдау, екі жолды көрсетеді де, солардың бірін таңдау немесе бірімен бірі салыстыра бағалау керектігін ұғындырады. Осылайша тыңдаушыға дәлел мен қарсы дәлел қатар ұсынылып, оның санасына әсер ету іске асады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, түркі халықтары мақал-мәтелдерінде антитеза дүниетанымдық қарама-қарсылықты бейнелеудің негізгі тетігі ретінде кеңінен қолданылған. Зерттеу барысында анықталғандай, антитеза – қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, әзірбайжан мақал-мәтелдерінің мазмұнын кұруда маңызды рөл атқарады. Ол ақиқат пен жалған, өмір мен өлім, тағдыр мен талпыныс, жақсылық пен жамандық сияқты негізгі ұғымдарды қарама-қарсы қою арқылы халықтық даналықты ықшам әрі әсерлі түрде жеткізеді. Антитезаның арқасында мақал-мәтелдердегі философиялық әрі моральдық тұжырымдар тыңдаушыға ұғымды, көрнекі әрі эмоционалды күшейген формада ұсынылады.

Когнитивтік тұрғыдан алсақ, антитеза – түркі халқына тән бинарлы әлем бейнесінің тілдік көрінісі. Мақал-мәтелдерде қарама-қарсы жұптар арқылы халықтардың жақсы мен жаман, ақ пен қараны айырып тану дәстүрі байқалады. Бұл – ұлттардың ұғымдық әлеміндегі үйлесім мен қайшылықты түсіну әдісі. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, антитеза мақал-мәтелді әсерлі кеңеске, жанама ескертуге айналдырады. Қарама-қарсы салыстыру арқылы берілген ғибратты ойлар тыңдаушының көңіліне қонымды болып, оның жүріс-тұрысында, таңдауында ескеруі тиіс өмірлік қағидаларды ұғындырады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, антитеза – түркі мақал-мәтелдерінің ішкі құрылымындағы маңызды элемент. Ол халықтың мәдени коды мен құндылықтар жүйесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі қызметін атқарады. Бұл орайда қазақ және ағылшын паремияларын лингвомәдени аспектіде салыстырған зерттеулерде де қарама-қарсы семантикалық өрістердің ерекше орны атап көрсетіледі. Мәселен, Р. Авакова және т.б. еңбегінде алтын концептісінің жағымды және жағымсыз коннотациялары халық дүниетанымындағы бағалау оппозицияларының

мысалы ретінде талданғаны антитезаның әмбебап сипатын дәлелдейді [15]. Аталмыш зерттеудің жаңалығы – антитезаны лингвокогнитивтік және лингвопрагматикалық тұрғыдан жүйелі талдап, түркі халықтарының мысалында оның универсалды және ұлттық қырларын ашуында деп санаймыз.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Лакофф Дж. *Cognitive Linguistics: Basic Readings* / Дж. Лакофф ; ред. Д. Геерэртс. – Берлин : Mouton de Gruyter, 2006. – 620 с.

[2] Мирзалиев И.М. Место антонимов и аллитерации в древнетюркских пословицах // *Ўзбекистонда хорижий тиллар: илмий-методик журнал*. – 2023. – № 6. – С. 213-222. <https://journal.fledu.uz> 15.05.2025.

[3] Сарбасұлы Б.С., Дәуітұлы Т. Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті. – Алматы: Қыздар университеті, 2016. — 210 б.

[4] Aitkulova G., Avakova R., Zhantasova Z. The concept of «diligence/laziness» in the linguistic image of the world // *International Journal of Society, Culture and Language*. – 2023. – Т. 11, № 1. [https://www.ijscel.net/article\\_257491.html](https://www.ijscel.net/article_257491.html) 15.05.2025.

[5] Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай-Т, 2004. – 304 б.

[6] Дунканаев А. Т. Кыргыз макалдарынын тексттик-коммуникативдик өзгөчөлүктөрү. /К.Тыныстанов ат. Ысык-Көл мамл. ун-ти., – Каракол.: 2010. – 202 б. <https://vdoc.pub/documents/se69g1kfb200#:~:text=Каракол%3A%20К.Тыныстанов%20ат.%20Ысык,4>

[7] Kajumova D., Sadykova A., Demirag D., et al. Concepts characterizing the spiritual world of a person in phraseological units with onomastic component in tatar, turkish and english languages // *Cadernos de Educação, Tecnologia e Sociedade*. – 2024. – Vol. 17, No. 1. – Pp. 424-432. <https://cadernos.sepin.org.br>

[8] Grice H. P. *Logic and Conversation* [Article] // *Syntax and Semantics*. Vol. 3: *Speech Acts* / P. Cole, J. Morgan (eds.). – New York: Academic Press, 1975. – P. 41-58.

[9] Nazarova M. A pragmatic and cultural study of antithesis in English and Uzbek phraseology // *Central Asian Journal of Education and Innovation*. – 2024. – Т. 2, № 11. – С. 111–116. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14059302> 30.11.2025.

[10] Akın S. Zıtlık ifadeleri ile kurulan Dobruca Kırım Tatar atasözleri // *Comparative Turkish Dialects and Literatures*. – 2024. – № 6. – С. 1–17. <https://doi.org/10.62425/ctdal.1504552> 30.11.2025.

[11] Khalilova S. Gradual antonyms in the English and Azerbaijani languages // *International Journal of English Linguistics*. – 2016. – Т. 6, № 6. – С. 239–244. [https://www.researchgate.net/publication/310812275\\_Gradual\\_Antonyms\\_in\\_the\\_English\\_and\\_Azerbaijani\\_Languages](https://www.researchgate.net/publication/310812275_Gradual_Antonyms_in_the_English_and_Azerbaijani_Languages) 30.11.2025.

[12] Рысбаева Г.Қ. және т.б. Антропоцентрлік мақал-мәтелдердегі көркемдік тіл ерекшеліктері (қазақ, орыс мақал-мәтелдері негізінде) //

Eurasian Journal of Philology: Science & Education. – 2022. – Т. 186. – №. 2. <https://ejpese.com> 15.07.2025.

[13] Корюкина Е. С. Проблема определения антитезы в терминологических словарях и справочниках // Вестник Нижегородского университета им. НИ Лобачевского. – 2012. – №. 5-1. – С. 300-303. <https://journals.eco-vector.com/2307-6135/article/view/32569> 15.07.2025.

[14] Мугтасимова Г.Р., Сибгаева Ф.Р. Пословицы татарского языка как контекст реализации антитезы // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2018. – №10-2 (88). <https://cyberleninka.ru/article/n/poslovitsy-tatarskogo-yazyka-kak-kontekst-realizatsii-antitezy> 14.05.2025.

[15] Авакова Р.А., Айткулова Г.А., Розиева Д.С., Алибекова М.Е. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомәдени ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – 1(72), – Б. 16 - 31. – <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.002>

## REFERENCES

[1] Lakoff J. Cognitive Linguistics: Basic Readings / red. D. Geererts. – Berlin: Mouton de Gruyter, 2006. – 620 s.

[2] Mirzaliev I.M. Mesto antonimov i alliteracii v drevnetjurkskih poslovicah [The place of antonyms and alliteration in ancient Turkic proverbs] // Ўзбекистонда horizhij tillar : ilmiy-metodik zhurnal. – 2023. – № 6. – S. 213-222. <https://journal.fledu.uz> 15.05.2025. [in Rus.]

[3] Sarbasūly B.S., Däuitūly T. Ejelgi дәuir және türki halyqtary әдеbieti [Literature of ancient times and Turkic peoples]. – Almaty: Qyzdar universiteti, 2016. – 210 b. [in Kaz.]

[4] Aitkulova G., Avakova R., Zhantasova Z. The concept of «diligence/laziness» in the linguistic image of the world // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – Т. 11, № 1. [https://www.ijscel.net/article\\_257491.html](https://www.ijscel.net/article_257491.html) 15.05.2025.

[5] Qaidar Ä. Halyq danalyǵy [Folk wisdom] – Almaty: Toǵanai-T, 2004. – 304 b. [in Kaz.]

[6] Dunkanaev A. T. Kyrgyz makaldarynyn teksttik-kommunikativdik ozgocholukтору [Textual and communicative features of Kyrgyz proverbs]. – Karakol: Kyrgyz-Tynystanov Issyk-Kol State University, 2010. – 202 p. <https://vdoc.pub/documents/se69g1kfb200#:~:text=Каракол%3A%20К.Тыныстанов%20ат.%20Бсык,4> 30.11.2025. [in Kyrg.]

[7] Kajumova D., Sadykova A., Demirag D., et al. Concepts characterizing the spiritual world of a person in phraseological units with onomastic component in tatar, turkish and english languages // Cadernos de Educação, Tecnologia e Sociedade. – 2024. – Vol. 17, No. 1. – Pp. 424-432. <https://cadernos.sepin.org.br>

[8] Grice H. P. Logic and Conversation [Article] // Syntax and Semantics. Vol. 3: Speech Acts / P. Cole, J. Morgan (eds.). – New York: Academic Press, 1975. – Pp. 41-58.

[9] Nazarova M. A pragmatic and cultural study of antithesis in English and Uzbek phraseology // Central Asian Journal of Education and Innovation. – 2024. – Т. 2, № 11. – С. 111-116. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14059302> 30.11.2025.

[10] Akın S. Zıtlık ifadeleri ile kurulan Dobruca Kırım Tatar atasözleri [Proverbs of the Crimean Tatars of Dobruja formed with expressions of opposition] // Comparative Turkish Dialects and Literatures. – 2024. – № 6. – Pp. 1-17. <https://doi.org/10.62425/ctdal.1504552> 30.11.2025. [in Turk.]

[11] Khalilova S. Gradual antonyms in the English and Azerbaijani languages // International Journal of English Linguistics. – 2016. – Т. 6, № 6. – С. 239-244. [https://www.researchgate.net/publication/310812275\\_Gradual\\_Antonyms\\_in\\_the\\_English\\_and\\_Azerbaijani\\_Languages](https://www.researchgate.net/publication/310812275_Gradual_Antonyms_in_the_English_and_Azerbaijani_Languages) 30.11.2025.

[12] Rysbaeva G. Q. i dr. Antroposentrlik maqal-mätelderdegi körkemdik til erekşelikleri (qazaq, orys maqal-mätelderi negızinde) [Features of artistic language in anthropocentric Proverbs (based on Kazakh and Russian proverbs)] // Eurasian Journal of Philology: Science & Education. – 2022. – Т. 186. – №. 2. <https://ejpese.com> 15.07.2025. [in Kaz.]

[13] Korjukina E. S. Problema opredelenija antitezy v terminologicheskikh slovarjah i spravochnikah [The problem of defining the antithesis in terminological dictionaries and reference books] // Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. NI Lobachevskogo. – 2012. – №. 5-1. – S. 300-303. – <https://journals.eco-vector.com/2307-6135/article/view/32569> 15.07.2025 [in Rus.]

[14] Mugtasimova G.R., Sibgaeva F.R. Posloviцы tatarskogo jazyka kak kontekst realizacii antitezy [Proverbs of the Tatar language as a context for the realization of the antithesis] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2018. – №10-2 (88). <https://cyberleninka.ru/article/n/poslovitsy-tatarskogo-jazyka-kak-kontekst-realizatsii-antitezy> 14.05.2025. [in Rus.]

[15] Avakova R.A., Aitkulova G.A., Roziyeva D.S., & Alibekova M.E. Qazaq zhane aghylshyn tilderindegi paremiyalardyng lingvoadeni erekshelikleri [Linguocultural Features of Proverbs in the Kazakh and English Languages] // Abilay Khan atyndagy QazHKhzhÄTU Khabarshysy. Filologiiа gylymdary seriiasy. – 2024. – №1(72). – B.16-31. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.002> [in Kaz.]

## **ЛИНГВОКОГНИТИВНЫЕ И ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ АНТИТЕЗЫ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ**

\* Ахаева М.С.<sup>1</sup>, Кулжанова Б.Р.<sup>2</sup>, Макулова Л.Т.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup> Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы,  
Казахстан

<sup>3</sup> Таразский университет имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан

**Аннотация.** Поговорки и пословицы тюркских народов с глубокой древности до наших дней сохраняют сжатое и образное отражение

национальной идентичности и мировоззрения. Прием антитезы в них сочетает противоположные понятия, позволяя лаконично и выразительно передавать глубокие философские идеи и моральные нормы. Цель исследования – комплексно раскрыть когнитивные и прагматические основы антитезы в пословицах и поговорках тюркских языков. В качестве материала были отобраны свыше 200 пословиц на казахском, кыргызском, узбекском, турецком и азербайджанском языках. В ходе анализа использовались теория когнитивных фреймов (Д. Лакофф), концепция культурных сценариев и теория речевых актов (Г. Грайс), а также методы сравнительно-типологического, семантического, синтаксического и прагматического анализа. На этой основе была систематизирована структурная типология антитезы: лексическая, синтаксическая, семантическая и прагматическая. Результаты показали, что антитеза встречается более чем в 60 % исследованных пословиц, выполняя не только роль противопоставления традиционных пар понятий, но и усиливая эмоциональный эффект и закрепляя этические нормы. Антитезические конструкции направляют мыслительный процесс адресата в бинарное модальное состояние, выступая инструментом воспитательного и регулятивного воздействия. Научная новизна исследования заключается в том, что впервые комплексно проанализированы языково-познавательные и прагматические механизмы антитезы в тюркской паремиологии. Практическая значимость – полученные данные могут быть использованы при разработке учебных программ по языку, в фольклорных исследованиях, курсах межкультурной коммуникации, а также при создании и анализе цифровых корпусов паремиологических данных. В перспективе рекомендуется расширить базу данных для изучения диахронических изменений антитезы и ее роли в социокультурном контексте.

**Ключевые слова:** антитеза, пословицы и поговорки, когнитивная лингвистика, прагматическая функция, культурный сценарий, сопоставление, тюркские языки, национальный менталитет

## LINGUOCOGNITIVE AND LINGUOPRAGMATIC ASPECTS OF ANTITHESIS IN THE PROVERBS AND SAYINGS OF TURKIC PEOPLES

\* Akhayeveva M.S. <sup>1</sup>, Kulzhanova B.R. <sup>2</sup>, Makulova M.T. <sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Dulary Taraz University, Taraz, Kazakhstan

**Abstract.** The proverbs and sayings of Turkic peoples have preserved a concise and vivid portrayal of national identity and worldview from ancient times to the present. The use of antithesis in these expressions juxtaposes opposing concepts, enabling the succinct and impactful conveyance of profound

philosophical ideas and moral principles. The objective of this study is to comprehensively elucidate the cognitive and pragmatic foundations of antithesis in the proverbs and sayings of Turkic languages. As research material, over 200 proverbs in Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Turkish, and Azerbaijani were analyzed. The theoretical framework included Conceptual Metaphor and Cognitive Frame Theory (G. Lakoff), the Cultural Scenarios approach and Speech Act Theory (H. P. Grice). Methodologically, comparative-typological, semantic, syntactic, and pragmatic analyses were applied. This allowed for the systematic classification of antithesis into four structural types: lexical, syntactic, semantic, and pragmatic. Findings indicate that antithesis appears in more than 60 % of the studied proverbs, functioning not only to contrast conventional pairs of concepts but also to intensify emotional impact and reinforce ethical norms. Antithetic constructions guide the listener's cognitive process into a binary modal state, serving as tools for educational and regulatory influence. The scientific novelty of this research lies in the first comprehensive analysis of the linguistic-cognitive and pragmatic mechanisms of antithesis in Turkic paremiology. Practically, the results can inform language teaching curricula, folkloristic studies, intercultural communication courses, and the development and analysis of digital corpora of paremiological data. Future research should expand the database to investigate the diachronic evolution of antithesis and its role in sociocultural contexts.

**Keywords:** antithesis, proverbs and sayings, cognitive linguistics, pragmatic function, cultural script, juxtaposition, Turkic languages, national worldview

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 28.08.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Ахаева Марал Сарсенбековна – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758

Кулжанова Бакытгул Райхановна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Макулова Лаура Тулегеновна – филология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, e-mail: makulovalaura@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4519-2686

***Информация об авторах:***

Ахаева Марал Сарсенбековна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758

Кулжанова Бахытгул Райхановна – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Макулова Лаура Тулегеновна – кандидат филологических наук, и.о.доцент, Таразский университет имени М.Х.Дулати, e-mail: makulovalaura@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4519-2686

***Information about the authors:***

Akhayeva Maral Sarsenbekovna – corresponding author, PhD student, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: maral85.85@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0499-9758

Kulzhanova Bakitgul Raikhanovna – Candidate of Philology, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: bahit777@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2998-4723.

Makulova Laura Tulegenovna – Candidate of Philology, Acting Associate Professor, M.H.Dulati Taraz University, e-mail: makulovalaura@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4519-2686